

К. ҚОҢЫРБАЕВА

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ

Тоталитарлық кеңестік кезеңнің өзіндік социалистік идеясының әсерін зерделеудің философиялық қырларын ашып көрсету халқымыздың руханиятының дамуына кері әсері мен оңды іздерін саралау еліміз еркіндікке қол жеткізген уақытта мүмкін болып отыр. Отаршыл саясат ұстанған жүйе қазақ елін егемендігінен айырған кезде, құлдық сана қалыптастырып, оны рухани құлдыратты. Халқымыздың ұлы тұлғалары Абай, Шоқандар халқымыздың руханиятының дамуына орыстың, еуропаның ғылымы мен білімін құрал еткенде ғана жұрт қатарлы өркениеттілікке жетеміз деп ой тұжырымдаса, Ыбырай Алтынсарин жаппай қазақ-орыс мектептерін ашып ағартушылықты енгізді. Бірақта осы білім мен ғылымды меңгерсе, басқалармен терезесі тең болар едік деген идея, бодандықта өмір сүруші субъект үшін арман ғана еді. Ш.Уәлиханов саяси істерге араласу арқылы қазақ қоғамының ерекшеліктеріне тән болған демократиялық әлеуметтік институттарды сақтап қалуды жүзеге асырмақ болды.

Дүниелік болмысы негізінде көшпелі болған халықтың өзіндік бір сипаты – бостандыққа деген ерекше құштарлығы болса керек. Жеке адам болсын, жеке рулар мен тайпалар болсын орталық билікке көндікпеген. Отырықшылыққа ауысқан басқа түрік халықтары қатаң бір орталық билікке әлдеқашан ауысып өмір сүріп жатқанда, көбінесе тыныстіршілігі көшпелі өмір сүруге негізделген қазақтардың ру-тайпалары емін-еркіндіктен ажырағысы келмей жүрген кезеңдері болды. XIX ғасырдың соңына қарай сол бір емін-еркіндіктен, табиғатты өз тірлік-тіршілігіне икемдеген, өз әлемінде өмір сүріп жатқан қазақ хал-қының еркіндігіне нұқсан келіп, сол еркіндік бірте-бірте көзден бұлбұл ұша бастаған еді. Ресей мемлекетінің қазақ жеріне, халқына үстемдігін орнатудың алғашқы қадамдары жасалып, патша әкімшілігіне жан-жақты қазақ даласы жайында зерттеулер жүргізіліп, ақпараттар жеткізіліп жатты. Қазақ қоғамын басқаруды жетілдіре түсу мақсатында отаршыл әкімшілік жергілікті халықтың өздерінің арасынан басқару аппаратына қажет мамандар даярлау ісін қолға алды. Орысша білім және тәрбие алған жастар өз жұртының арасында орыс мемлекеті мен мәдениетінің мүддесін жүргізуші құралға айналуға тиіс болды [1]. Жарамды қазақ жерлерінің жаппай қоныс аударушылардың пайдасына өте бастауы, соның нәтижесінде кедейленген

жатақтардың көбейе түсуі жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық зиялылар тобын саясатпен кәсіби түрде шұғылдануға, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясын қалыптастыруға, ұлттық платформадағы саяси партия құруға мәжбүр етті, – деген тарихшы-ғалым М.Қойгелдінің тұжырымы сол кезеңдегі біздің халқымыздың көзі ашық, көңілі ояу, еуропалық білім алған зиялылары бұл оқиғаларға немқұрайлы қарай алмай, жандары ауырып, сол білімдерін қажетіне жаратуға талпынып әрекеттер жасайды. Сахарада мектептер ашып, оларға еуропаға терезе шығарумен білім мен ғылымға шақырса, екінші жағынан сол отарлаушы елге тәуелді болуды қаламады. Сол жастардың ішінен тарихи ірі тұлға, алғашқы тәуелсіз «Алашорда» автономиясының жетекшісі Әлихан Бөкейхан сынды өз халқын сүйген, жоғын жоқтаған азаматтың шығармашылығын зерделеу бүгінгі күнде де өзінің өзектілігі мен қажеттілігі қатар тұрған келелі іс болып табылады. Қазақ елінің негізгі мәселелері жайлы, ой-тұжырымдары мен пікірлері, сол кезде жарық көріп тұрған «Қазақ» гезетінде жарияланып қызу пікірталастар тудырып талданып, талқыланып жатты.

Бүгінгі таңда егемендік алған елімізде әлі де өзінің шешімін таппаған, даулы мәселелердің бірі болып отырған жер туралы заңдар қабылданар кезде Әлихан Бөкейхан шығармашылығын зерделеу, саралау алар тұжырымдар жетерлік. Егер өзіміздің тарихи өткенімізден тәжірибе жинамасак, оның дұрысы мен бұрысын сараламасак, онда сол қателіктерді қайталап отыруымыз әбден мүмкін. Әлихан Бөкейханның жер қатынастары мәселесінің білгір маманы екендігін байқаған Ресей әкімшілігінің шенеуніктері ол кісіден ақыл-кеңестер алып тұрған. Әлихан Бөкейхан тек жер мәселесіне ерекше көңіл бөлді десек, ол тарихи шындыққа жасалған қиянат болар еді. Қазақ қоғамы осындай кезеңде қандай жолмен жүрсе тиімді, оны қайтсе басқа жұрт қатарына қосамыз, халықтың тәуелсіз елдігін қалай қамтамасыз етеміз деген күн тәртібіндегі және болашаққа жасалатын жоспарларды шешуде қандай іс-шаралар жүргізу керек екендігіне жол көрсетіп, барлық мәселелерге дерлік атсалысып отырды.

Орынбор қаласында болып өткен 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндеріндегі жалпы қазақ съезінде Ә.Бөкейхан ұлттық автономия туралы баяндама жасайды. Съезд қарар қабылдап, «Ұлт кеңесін» құрып оның атын «Алашорда» деп атап, 15 адамнан тұратын бұл

өкіметтің төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. Ендігі жерде Әлихан Бөкейханның осы автономия болудағы 1) қаны біргелік; 2) жері біргелік; 3) шаруасы біргеліктің жері біргелік автономияны таңдауын оның елінің болашағы үшін атқарған ұлы ісі – деп атап көрсетеді заңгер ғалым М.Құл-Мұхаммед [2]. «Автономия боламыз десек алдымызда шешуші қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас... қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата-қонысынан көшпес, көшсе ақылсыздық болады, қазақ жерінің ең жақсысы сол мұжық отырған жер. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халде туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген де пікір бар. Автономия болу – өз алдына мемлекет болу. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, жалпы қазақ қараңғы, соқыр болса, Түркістан халқының қараңғылығы, нәм шебер адамының жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса автономия арбасына түйе мен есекті қатар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз» [1]. Осылай деп ой түйіндегенде ол елдігіміз бен егемендігімізді, болашақ халықтың басына төнетін қасіретті сезіп оны белгілі дәрежеде түсінді. Бірақ одан шығатын жалғыз жол бар – ел өз алдына мемлекет болу екендігін көрсетіп берді. Соны уағыздап, сол идеялар үшін күресті. Ол арманына жеткендей де болды. Кезінде қалмақтар шапқыншылығынан құтылуға ол жол көмектесті де. Бірақ ендігі жерде, қазақ қоғамы олардан әлдеқайда құдіретті елдердің алдында, әсіресе Ресейдің алдында дәрменсіз, оған қарсы тұруға қауқарсыз еді. Ақырында оның шеңберіне еніп, шеңгеліне ілігуіне тура келді. Бірақ көп жағдайларда телегей теңіздей өзін қоршап жатқан, әрі күнделікті тіршілігіне үлкен ықпал етіп етіп жатқан бөтен мәдениеттің ортасындағы кішкентай ғана арал сияқты болып қалған басқа халықтың топтары өзінің байырғы құндылықтарына соншалықты беріктігін байқатады, өзінің өмірлік жолынан айнымай келе жатады. Басқа елдердің ішінде қалып кеткен қазақ диаспораларының көпшілігі сондай десе болады. Осындай нәрсе жақсы ма, жаман ба ол өз алдына басқа мәселе. Тек ескертетін жай: материалдық жағдайды жақсартатын жол әрқашан адамдардың бірден-бір таңдайтын жолы емес екен.

Ресейлік, кейінгі Кеңестік империялар қазақ халқының басқа халықтар сияқты мәдени өзгешелігінен, тәуелсіздігінен қаншалықты ажыратуға ұмтылса да, шын мағынасында әлсірете де, толық жойып жібере алған жоқ. Дегенмен қандай жолды бірден-бір құндылық деп таңдаса да, ондай құндылықтардың ар жағында жататын, бүкіл адам баласына тән түпкілікті құндылық – ол еркіндік. Тіпті құлшылықтың өзін адамдар таңдайтын болса, ол да сол еркіндіктің салдары. Онсыз ешбір таңдау болмас еді.

Тәуелсіздік үшін күрес дегеніміздің өзі де осы түпкі құндылыққа ұмтылыстың көрінісі. Әлихан Бөкейханның саяси ойларының түйіні, қазақ халқының тәуелсіздіктен айрылып, орыс империясының құрамында тіршілік ете бастаған кезеңде шешіліп, сол шешімдердің көрінісі ретінде «Алашорда» дүниеге келді. Бірақ қазақ халқы еркіндік пен тәуелсіздіктің дәмін тұщынып, кең тыныс ала алмады. Сол кезеңнің аласапыранында тәуелсіздік тұншықты. Ол жөнінде ағылшын ғалымы Р.Конквест былай деп жазады: «Демократиялық және автономиялық республика құруға тырысқан қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен съезінде «Алашорда» атты үкіметін құрды. 1918 жылғы 17 қаңтарда большевиктер әскерлері қалаға басып кірді, сонымен тәуелсіз қазақ мемлекеті қысқа ғана өмір сүрді [3]. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде ұлттық теңдік пен саяси бостандықты, ұлттық мемлекеттік тұтастықты халық сезіне де алмады. Қазақ халқының тағдыры патшалық Ресейге, одан кейін кеңестік Империяға қараған дәуірде жағдай осылай болды. Бірақ ондай мойынсұну, дербес, автономды субъект болудан қалу – халықтың өзіндік өзгеше рухани әлем ретінде ғайып болудың жолына түсу болуы мүмкін. Әлихан Бөкейханның да көтерген мәселесінің түп тамыры ішкі бірлік, біртұтастықпен қатар, сырт күшке басыбайлы болмау.

XX ғасырға дейін темір қазықта Жайық нәм Тобыл, күн шығыста Ертіс, оңтүстікте Түркістан таулары, мұның ең биігі Хан Тәңірі, күн батыста Амудария деп Әлихан Бөкейханның сипаттағанынан көретініміздей, ұлан байтақ даламыздан айрылып қалу қаупі төнген шақ келді. Осы дәуірді біртұтас халықты ішкі бірлікке құрастыра алатын құндылықтардың қалыптасу кезеңі деуге болар еді, өзге халықтардан рухани іргесі айқындалған өз алдына дербес халық, құрама болу – ол әлі жалпы нәрсе. Әрине ол да бүтін өмірлік негізін ойсыратып жатқан бөгде күштің өктемдігіне ыдыраңқы бейғам елді жұмылдыра алатын нәрсе. Осы дәуірдегі бүкіл рухани күйзелістің негізгі сарыны, әлі де халықтық тұтастыққа жете алмаған елдің зиялыларының осы ахуалдан шығу жолдарын іздеп шарқ ұруы болып табылады. Алашордалықтардың ұсынып отырған автономиясы демократиялық Республика болатын. Алашорда автономиясы таптық жікке бөлінушілікті жақтамады. Олардың басты арманы, мақсаты егеменді ұлт мемлекетін құру.

Алғашында кадеттер партиясының мүшесі болған Әлихан Бөкейхан одан қалай шыққаны жөнінде былай деп жазады: «Біздің ұлттық автономия құруымызға кадеттер қарсы. Осы жол айырылған соң мен қазаққа Алаш партиясын құруға тырыстым», -

дейді. Осылай Алашорда өкіметі талқандалып, Кеңес өкіметі орнады. «Ақтар да, қызылдар да» қазақ халқының тәуелсіз мемлекет болуын қаламай, оның халық ретінде өмір сүруін неше түрлі демографиялық апаттар мен аштықты қолдан жасап, оның зиялы қауымын қуғын-сүргінге түсіріп, ақырында ату жазасына бұйырып, сол арқылы ой-өрісін тарылтып, тілін кесіп, тұншықтырып отырды. Ендігі жерде дәстүрлі тұрмыс тіршілігі шайқалып, жойылуымен қатар, өзі үшін адамдықпен бара бар деп түсінетін, өз болмысын қалап, өзі анықтайтын күйден мүлдем айырылды. Өзіндік әлемге деген өзгеше бір қатынас бүкіл өмірді, әлемді өзгеше түйсіну, онымен өзгеше бір үйлесу жарық дүниеден кетеді. Ол дүниесіз қазақ деп аталатын осындай дүниені құрғандардың әлемі болмайды.

XX ғасыр басындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық түбегейлі демократиялық өзгерістермен адамзаттың тарихында жаңа диалектикалық даму процесін тудырғаны белгілі. «Кеңес Одағында жаңа тапсыз қоғам орнату, адамзаттың тағдырының жұмбағын шешуге бағытталған бүкіл әлемдік, әлеуметтік-саяси тәжірибелер, жобалар жасалынып олар «социализм» деген атпен практикалық түрде жүзеге асырыла бастады, осы идеяның қаншама миллиондаған жандарды осы процестің жолына құрбандыққа шалды» – деп атап көрсетті академик Ә. Нысанбаев пен Т. Әбжанов [4].

Социализм идеясының басты ұраны : «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер», - деп басталады. Олардың мақсаты қоғамды қарама-қарсы таптарға бөліп, сол таптар күресі арқылы революциялық төңкерістер жасап пролетариат диктатурасын орнату еді. Коммунизм мен социализм ілімінен алынған идеяларды қазақ қоғамына күштеп таңды. Өзіне тән қоғамдық қатынастары орныққан, тұрмыс-тіршілігі, рухани әлемі өзгеше дамудағы қазақтарға, пролетариаты жоқ елге, сол пролетариаттың диктатурасы керек пе еді? Осы мәселе жайында кеңестік идеологияның қате кемшіліктеріне ғылыми тұрғыдан дәлелді сыни пікірлерді қазақ халқының ойшылы М. Шоқай айта алды. Большевиктердің Түркістанда орыс үстемдігінің екінші дәуірін бастағанын, Ресейдің орыстандыру саясатынан іс жүзінде еш өзгешілігі жоқ қулық-сұмдықтарын Лениннің «социализм», «интернационализм» негіздеріне сәйкестендіру үшін большевиктер бір жаңа формула ойлап шығарды. Олар енді «түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық» болсын деді. Асылында халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады [5]. Түрі – ұлттық мазмұны – социалистік деп аталған формулаға сәйкес келмеген әдебиет,

өнер туындарына қатал партиялық бақылау қойылып, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды халқымыздың асыл ұлдары түрмелерге жабылып, ақырында социализмнің құрбаны болды.

Мұстафа Шоқай тіл мәселесі жөнінде оның екінші орынға ығыстырылатынын көрсете келіп, орыстың Пушкин, Тургенев, Толстойлар жасаған «ұлы орыс тіліне» Ленин өзі ғана табынып қоймай, оған барлық большевиктерді де бас игізді дейді. Пушкин дворяндар тобына жатса, Тургенев капиталистерге, Толстой асқан бай «граф» еді. Олар жасаған ұлы әдебиеттің іші де, сырты да ұлттық болды. Онда пролетариаттың иісі де жоқ... Ал біздің халқымыз өзінің Ахмет Байтұрсын мен Шолпандарын оқи алмай отырғандығына күйініп жазды. Бұл революция біздің халқымыздың дамуындағы прогресті бір ғасырға шегерді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Қойгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX ғғ.) – Алматы: Жалын, 2004. – 19-б.
2. *Кул-Мухаммед.* Формирование и развитие государственно-правовых идей лидеров Алаш-Орды. Алматы, 1999. 29 с.
3. *Р.Конквест.* Соңғы империя. Лондон, 1962, 21-б. // Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. 151-б.
4. *Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.* Қысқаша философия тарихы. Алматы, 1999. -241 б.
5. *Шоқай М.* Таңдамалы.-Алматы: Қайнар, 1998. 1-т. 153-154 бет.

Резюме

Рассматриваются историко-философские основы формирования и развития духовности казахских мыслителей советского периода. Анализируется воздействие социалистических идей на духовные аспекты развития казахского народа.

Summary

The historic-philosophic basis of forming and development of spirituality of the Kazakh thinkers of the Soviet period is analyzed in the article. The influence of socialistic ideal on spiritual development of Kazakh people.